

**ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ
КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК**

10-сынып

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

1. Абайдың әкесі қандай адам болған?

- а) күлегеш
- ә) қатал
- б) жұмсақ
- в) ақын

2. Абайға аңыз әңгімелерді кім айтқан?

- а) Досы Ербол
- ә) Әкесі Құнанбай
- б) шешесі Ұлжан
- в) көршілері

3. Абай қай шығармасына ән шығарған?

- а) «Болыс болдым мінеки»
- ә) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»
- б) «Қараңғы түнде тау қалғып»
- в) «Интернатта оқып жүр»

4. Абай неше жасында орыс тілін үйрене бастады?

- а) 5 жасында
- ә) 9 жасында
- б) 13 жасында
- в) 3 жасында

5. Абай қазақ халқын ... болуға шақырды.

- а) көңілді
- ә) надан
- б) мәдениетті
- в) малды

6. Мәтін бойынша, Абай: «Орыс тілі – ... », - дейді.

- а) дүниенің рахаты
- ә) дүниенің сыры
- б) дүниенің кілті
- в) дүниенің алтыны

7. Абай шығармалары қашан басылып шықты?

- а) 1904 жылы
- ә) 1909 жылы
- б) 1924 жылы
- в) 1945 жылы

8. Абайдың шын аты кім?

- а) Мұхамедқанафия
- ә) Алауадин
- б) Ибраһим
- в) Телқара

9. Абай кімдердің шығармаларын қазақ тіліне аударған?

- а) Достоевский, Куприн
- ә) Крылов, Лермонтов
- б) Пушкин, Есенин
- в) Тютчев, Бунин

10. Абай кім?

- а) қазақ халқының ұлы ғалымы
- ә) қазақ халқының тарихшысы
- б) қазақ халқының жазба әдебиетін қалаушы
- в) қазақ халқының этнографы

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

1. Ата үйде әжемен сөйлесіп отыр.

- а) дұрыс
- ә) дұрыс емес
- б) мәтінде айтылмаған

2. Атаның қай жері ауырады?

- а) қолы, аяғы
- ә) көзі, құлағы
- б) барлық жері

3. Дәрігер атаның қай жерін тексерді?

- а) құлағын
- ә) тамағын
- б) көзін

4. Дәрігер нені тыңдады?

- а) өкпені, жүректі
- ә) музыканы, жөтелді
- б) мәтінде айтылмаған

5. Дәрігер атаға қандай диагноз қойды?

- а) стенокардия, инфаркт
- ә) тұмау, баспа

б) жөтел, қызу

6. Ата жұмада қайда қайтадан баруы керек?

а) дәріханаға

ә) ауруханаға

б) емханаға

7. Дәрігер атаның несін өлшеді?

а) қан қысымын

ә) қызуын

б) жүрек соғысын

8. Атаның қалай емделуі керек?

а) күнде жүгіруі керек

ә) бал қосқан сүт ішуі керек

б) бал қосқан ыстық су ішуі керек

9. Ата не деп ойлады?

а) дәрігер оны тыңдамайды деп

ә) емханада дәрігер болмайды деп

б) дәрігер басқа да жерін тексереді деп

10. Дәрігер атаға қандай мақал айтты?

а) Бірінші байлық – денсаулық

ә) Денсаулық – зор байлық

б) Әуелгі байлық – денсаулық